

**"Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 11-ө
өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 55-ө өкімі
«Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 11-ө
өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген өкіммен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның құрамында:
м ы н а :

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жауапты хатшысы;» деген
жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің жауапты хатшысы;»;
м ы н а :

«Қазақ гуманитарлық заң университеті» акционерлік қоғамы Мемлекет және құқық
ғылыми-зерттеу институтының директоры - іргелі және қолданбалы ғылымдар
академиясы директорының орынбасары (келісім
б о й ы н ш а) ; » ;

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының
құқықтық мәселелер жөніндегі бас директоры - басқарма мүшесі (келісім
бойынша);» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақ гуманитарлық заң университеті» акционерлік қоғамының Жоғары құқық
мектебінің директоры (келісім бойынша);»;

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының
Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры -
басқарма мүшесі (келісім бойынша);».
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы қоғамдық кеңестің
өкілі (келісім бойынша).».

Премьер-Министр

К. Мәсімов